



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2016 жылдың үшінші тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

Тарих/Қатысушылар:

- Әлемдегі ең терең және ірі мұнай кеніштерінің бірі болып саналатын Теңіз мұнай кеніші 1979 жылы ашылды.
- «Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ТШО) 1993 жылы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы мен «Шеврон» компаниясы арасында жасалған келісім негізінде құрылды.
- ТШО-ның қазіргі кездегі серіктестері: «Шеврон» – 50%, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – 20%, «ЭксонМобил Қазақстан Венчурс Инк.» – 25% және «Лукарко Б.К.» – 5%.

Өнім өндіру/Қорлар:

- Жалпы барланған қоры жөнінен Теңіз кенішінде 3,2 миллиард тонна (25,5 млрд. баррель), ал Королев кен алаңында 200 миллион тонна (1,6 млрд. баррель) шамасында мұнай бар деп есептелінеді.
- Теңіз және Королев кеніштерінен алынатын мұнай қоры 800 миллионнан 1,3 миллиард тоннаға дейінгі мөлшерді (6,4 - 10,7 млрд. баррель) құрайды.
- Теңіз коллекторының шеңбері едәуір, ені 20 шақырым (12 миль), ұзындығы 21 шақырым (13 миль) құрайтын аумақты алып жатыр.
- ТШО 2008 жылы Шикі газ айдау және Екінші буын зауыты (ШГА/ЕБЗ) жобасын аяқтап, нәтижесінде мұнай өндірудің тәуліктік қуаты шамамен 75 000 тоннаға немесе 600 000 баррельге, ал, табиғи газ 22 миллион текше метрге немесе 750 миллион текше футқа жетті.
- 2016 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында мұнай өндіру көлемі 20 миллион тоннаны (160 миллион баррель) құрады.

Денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау

- 2000 жылдан бері ТШО қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған жобаларға 3 миллиард АҚШ доллар көлемінде қаржы бөлді.
- Қазіргі таңда ТШО өндірілген газдың 97%-дан астамын кәдеге жаратуда.
- 2000 жылдан бері зауыт сенімділігін арттыру шараларына жұмсалған инвестициялар зауыттардағы техникалық ақаулар санын және олар пайда болған кезде алауларда жағылатын шикі және қышқыл газ мөлшерін 98%-ға азайтуға ықпалын тигізді.
- 2000 жылдан бері өндірілген мұнайдың бір тоннасына шаққандағы атмосфераға жіберілген шығарындылардың көлемі 71%-ға азайды. ТШО күрделі жобаларды жүзеге асыру және жабдықтардың сенімділігіне жасалған инвестициялар нәтижесінде аталған мерзім ішінде жылдық мұнай өндіру көлемін 2,5 есе өсірді.

ТШО өнімінің өзге түрлері:

- ТШО 2016 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында сұйытылған газ сату көлемін 970 мың тоннадан асырып, құрғақ газ сату көлемін 5,25 миллиард текше метрге, ал күкірт сату көлемін 1,67 миллион тоннаға жеткізді.

Қазақстан Республикасы үшін артықшылықтар:

- 1993 жыл мен 2016 жылдың 30 қыркүйегі аралығында ТШО-ның Қазақстанға тікелей қаржы төлемі тұтастай алғанда 115 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұған ТШО-ның жергілікті қызметкерлеріне төленген еңбекақы, қазақстандық тауар өндірушілер мен жабдықтаушылардың өнімдері мен қызметтеріне жұмсалған қаржы, мемлекеттік кәсіпорындарға берілген тарифтер мен төлемдер, қазақстандық серіктеске бөлінген тиісті дивидендтер, сонымен қатар мемлекеттік бюджетке аударылған салық және роялти түріндегі төлемдер кіреді.
- 2016 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Қазақстан Республикасына төленген тікелей төлемдердің көлемі 3,5 миллиард АҚШ долларын құрады.
- ТШО 2016 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында қазақстандық тауарлар мен қызметтерді пайдалануға 1,3 миллиард АҚШ доллары шамасында қаржы жұмсады, оның 333 миллион АҚШ доллары КҚЖ-ҰЕҚБЖ аясында жұмсалды.
- 1993 жылдан бастап ТШО қазақстандық мекемелердің 21 миллиард АҚШ долларын құрайтын тауарлары мен қызметтерін пайдаланды.



Теңізшевройл Деректер мен дәйектер

2016 жылдың үшінші тоқсаны бойынша қорытынды мәлімет

Қызметкерлер:

- Қазіргі таңда ТШО-да жұмыс істейтін қазақстандық қызметкерлердің үлесі 1993 жылғы 50% көрсеткішпен салыстырғанда 86% құрайды.
- ТШО-дағы жергілікті ұлттық басшылардың, орта буын жетекшілерінің үлесі жалпы басшылық құрамның 75% құрайды. Кадрларды оқыту және шыңдау жөніндегі тұрақты бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде жауапты басшылық лауазымдарға тағайындалған жергілікті қызметкерлер қатары көбейе түсуде.

Әлеуметтік салаға үлес:

- 1993 жылдан бастап ТШО өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 1,2 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады.
- 2016 жылдың «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасы бюджеті 25 миллион АҚШ долларын құрады. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Атырау облысында балабақшалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысына жұмсалады.
- 2016 жылы Атырау облысының денсаулық сақтау, білім және оқыту салаларының сапасын жақсартуға көмектесу үшін ТШО-ның әлеуметтік инвестициялар бағдарламасына 1 миллион АҚШ доллары шамасында қаржы бөлінді.

Келешек кеңею жобасы - Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасы

- 2016 жылдың шілде айында ТШО серіктестері Теңіз мұнай кен орнының өндірістік қуаттылықтарын арттырудың келесі кезеңі болып табылатын Келешек кеңею жобасы-Ұңғы ернеуіндегі қысымды басқару жобасын (ККЖ-ҰЕҚБЖ) қаржыландыру жөніндегі ақырғы шешімнің қабылданғаны туралы жариялады.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ құрылысы тиімділіктерді едәуір арттырып, қаражатты үнемдеу мақсатында бір уақытта орындалып жатыр.
 - ККЖ шеңберінде Теңіз кен орнындағы өндірістік қуаттылықты арттыру үшін ТШО-ның алдыңғы жобасы ЕБЗ/ШГА табысты түрде дайындалған және сыналған шикі газ айдау технологиясы пайдаланылады. Нәтижесінде өндіріс қуаттылығы жылына шамамен 12 млн. тоннаға немесе тәулігіне 260 мың баррельге артып, жылына шамамен 39 млн. тоннаны немесе тәулігіне 850 мың баррельді құрайды.
 - ҰЕҚБЖ атқылайтын ұңғылардың ернеулік қысымын төмендетіп, қолданыстағы алты кешенді технологиялық желінің кіре берісіндегі қысымды арттыру арқылы Теңіз кен орнында жұмыс жасайтын зауыттардың толық қуатпен жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ жабдықтарының негізгі көлемі Қазақстан, Оңтүстік Корея және Италияда жасалады және алдын ала даярланған модульдер ақырғы құрастыру үшін Теңізге жеткізіледі.
- ККЖ-ҰЕҚБЖ нобайлық жобалауы аяқталды және жұмысты жобалау көлемінің 55% тәмамдалды. Қазіргі таңда жобалау тобы жеткізілуі ұзақ мерзімді тауарлар мен материалдарды сатып алу жұмыстарымен айналысып, Теңіздегі жобаның негізгі инфрақұрылымдары бойынша ерте кезеңдегі құрылыс жұмыстарын жүзеге асыруда.
- Құрылыс және модуль құрастыру жұмыстарының қызған шағында шамамен 20 мың жұмыс орнының ашылуын қоса есептегенде ККЖ-ҰЕҚБЖ Қазақстан Республикасына айтарлықтай экономикалық пайда әкеледі.
- ТШО қазақстандық жабдықтаушыларды ККЖ-ҰЕҚБЖ үшін жобалау, сатып алу және модульдерді дайындау қызметтеріне белсенді түрде жұмылдыруда. Қазіргі таңда 1660-тан астам қазақстандық компания алдын-ала іріктеуден өтті.
- ККЖ қазақстандық кәсіпорындар мен қызметкерлер үшін жоғары технологиялық жабдықтарға қызмет көрсету, жаңа оқыту ұйымдары және модульдерді жасап шығару әлеуеті секілді жаңа мүмкіндіктер туғызады.